

Астана қаласы

«Келісілген» _____

Директордың ТІЖ орынбасары
Ш.А.Оразакова Ш.А.Оразакова

«*02*» *қыркүйек* 2025ж.

А.Н.Сыздыкова
«Бекітемін» _____
№41 орта мектеп директоры
А.Н.Сыздыкова
«*02*» *қыркүйек* 2025ж.



**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша
2025-2026 оқу жылына арналған
тәрбие жоспары**

2025-2026 оқу жылы

2025 ж. № 1 педкеңесінің отырысында қарастырылған

Астана қаласы

«Келісілген» _____
Директордың ТІЖ орынбасары
_____ Ш.А.Оразакова
« ____ » _____ 2025ж.

«Бекітемін» _____
№41 орта мектеп директоры
_____ А.Н.Сыздыкова
« ____ » _____ 2025ж.

**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша
2025-2026 оқу жылына арналған
тәрбие жоспары**

2025-2026 оқу жылы

2025 ж. № 1 педкеңесінің отырысында қарастырылған

«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ»

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес Біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұны жаңартылды.

Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген ұштаған ұғым арқылы сипаттады. Ұштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының басты идеясына айналды.

- **Бағдарламаның мақсаты:**

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

- **Бағдарламаның міндеттері:**

- ✓ **Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:**

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;

адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;

табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

- ✓ **Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:**

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;

отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;

элеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

- ✓ **Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:**

басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;

өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;

еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;

біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

- ✓ **Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:**

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;

білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.

- **Бағдарлама мазмұны:**

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

- **Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:**

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

- ✓ **Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық**

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

Негізгі орта мектеп түлегі:

Қазақстанның тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін, оның тәуелсіздігін және оны сақтаудың маңыздылығын түсіну;

Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне құрмет көрсету;

Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне, ұлттық мерекелерге құрмет көрсету;

азаматтық және ұлттық бірегейлікті түсіну;

мемлекеттік тілді меңгеру;

Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау және оны әрі қарай дәріптеу бойынша волонтерлік қызмет пен жобаларға қатысу;

әр түрлі ұлт өкілдерімен сыйластық қарым-қатынас;

Қазақстан азаматының міндеттерін орындауға, өз елінің мүдделері мен құндылықтарын қорғауға дайын болу.

- ✓ **Құндылық: бірлік және ынтымақ**

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

Негізгі орта мектеп түлегі:

қоғамдағы әлеуметтік нормаларды, ережелерді білу және түсіну;

сенімді қарым-қатынас орнату және сыныпта жағымды ахуалды сақтай білу;

тек өзі үшін ғана емес, жалпы ұжым үшін де жауапты болуға дайын болу;

бірлескен іс-әрекет пен өзара іс-әрекет кезінде басқалардың пікірлері мен сезімдерін құрметтей білу; басқалармен жағымды қарым-қатынас орната білу және қоғамдық өмірге үлес қосу.

✓ **Құндылық: әділдік және жауапкершілік**

Құзыреттілік: қоғамға қызмет

Негізгі орта мектеп түлегі:

өз әрекетін жоспарлау және ұйымдастыру;
әдеп нормасына сәйкес өзінің және басқалардың іс әрекеттерін талдау;
оқу тапсырмасын орындауда табандылық таныту;
берілген ортақ іс үшін ұжым алдындағы жауапкершілікті түсіну;
басқаға көмектесуге, мейірімділік танытуға дайын болу;

✓ **Құндылық: заң және тәртіп**

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

Негізгі орта мектеп түлегі:

құқықтық жүйе мен адам құқығы негіздерін білу;
тәртіп пен әділдік, нормалар мен ережелерді сақтау қажеттілігін түсіну;
қоғамды қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі заң мен тәртіптің маңыздылығын білу.

✓ **Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік**

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

Негізгі орта мектеп түлегі:

өзінің және басқалардың еңбегінің нәтижелерін бағалау;
түрлі мамандықтар мен олардың қызмет ерекшеліктерін зерттеуге қызығушылық таныту;
өз уақытын тиімді жоспарлай білу және кез келген қызметтің нәтижелеріне қол жеткізу үшін күш салу;
еңбек қоғамдық және табысты болудың негізі екенін түсіну;
жеке мүдделерді, қажеттіліктерді ескере отырып, білім мен өмірлік жоспарлардың жеке траекториясын саналы түрде таңдауға және құруға дайын болу.

✓ **Құндылық: жасампаздық және жаңашылдық**

Құзыреттілік: шығармашылық

Негізгі орта мектеп түлегі:

тапсырмаларға шығармашылықпен қарай білу, өз шешімдері мен идеяларын ұсына білу;
өз бетінше әрекет ету және жобаларды іске асыру;
бақылау, өлшеу, эксперименттер мен тәжірибелер жүргізу;
модельдеу, таным объектілерінің құрылымын анықтау, бір бүтіннің әртүрлі бөліктері арасындағы қатынастарды іздеу және бөлу, процестерді кезеңдерге бөлу, себеп-салдарлық байланыстарды анықтай алу;
оқу есептерін шешудің оңтайлы тәсілдерін табу, олу үшін жаңаларын қолдану және бұрыннан таныс алгоритмдерді біріктіру, оларды стандартты емес есептерді шешуге қолдана алу;

әртүрлі таным құралдарын қолданудағыдылары, әлем туралы білім жинақтау (тілдік, оқырмандық мәдениет, ақпараттық, цифрлық ортадағы қызмет).

Әр айдың іс-шаралары :

күнделікті

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды
- «**Апта дәйексөздері**» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.
- «**Қауіпсіздік сабағы**» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу
- «**Ұлттық ойын – ұлт қазынасы**» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.
- «**Өнегелі 15 минут**» – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.
- «**Үнемді тұтыну**» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу
- «**Күй күмбірі**» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау апта сайын.

2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ АТАУЛЫ КҮНДЕР

- Қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, саяси қайраткер Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың туғанына 180 жыл (10.08.1845 – 1904);
- Жазушы, қоғам қайраткері, Кеңес Одағының батыры Мәлік Ғабдуллиннің туғанына 110 жыл (15.11.1915-02.11.1973);
- Қазақтың тұңғыш романының авторы, ақын, публицист, мәдениет және қоғам қайраткері Міржақып Дулатовтың туғанына 140 жыл (21.11.1885-05.10.1935);
- Жазушы, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы Сапарғалы Ысқақұлы Бегалиннің туғанына 130 жыл (24.11.1895-05.03.1983);
- Көрнекті ағартушы, тарихшы, публицист, лингвист, географ, музыка зерттеуші, археолог, этнограф Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың туғанына 190 жыл (1835-1865);
- Халық қаһарманы, жазушы Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл (24.12.1910-10.06.1982);
- Халық поэзиясының алыбы, ақын, ұлы жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл (1846-1945);
- Қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшісі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың туғанына 160 жыл (25.03.1866-1937);
- Педагог, қоғам қайраткері Ахмет Қуанұлы Жұбановтың туғанына 120 жыл (29.04.1906-1968).

Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету

- 1) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Білім туралы заңы;
- 2) Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 Қаулысы;
- 3) Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы № 194 от 30.07.2024;
- 4) «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы;
- 5) «Қазақстан Республикасы білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» ҚР БҒМ 30.03.2022 ж. № 117 бұйрығы;
- 6) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» (Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
- 7) «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы № 789 қаулысы;
- 8) «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 31.08. 2023 ж. № 748 қаулысы;
- 9) «Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 25.05.2021 ж. № 235 бұйрығы;
- 10) «Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасындағы 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы;
- 11) «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2016 ж. №18 бұйрығы;
- 12) «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №4 бұйрығы;
- 13) «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2022ж. №6 бұйрығы;
- 14) «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;
- 15) «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. №130 бұйрығы;

- 16) «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы.

Тәрбие жұмысының жоспары

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ЖЫЛ БОЙЫ АТҚАРЫЛАТЫН ІС-ШАРАЛАР				
1	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысын үйлестіру. Ата-аналармен жұмыс, консультациялар, кездесулер, сауалнама жүргізу.	Хаттама, анықтама, анализ, іс-шаралар, ақпарат	Ш.А. Оразакова директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Жыл бойы
2	Мектептің отбасымен өзара әрекеттесуі мен бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін нығайту және отбасылық тәрбиенің жақсы жақтарын насихаттау мақсатында «Даналық мектебі» жобалары бойынша жұмыстарды жандандыру	Іс-шаралар	Мектеп әкімшілігі, Ш.А. Оразакова директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Қыркүйек
3	«Күй күмбірі», «Үнемді тұтыну», «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы», «Апта күндері» күндеоікті жобаларды іске асыру	Жобалар	Мектеп әкімшілігі, Ш.А. Оразакова директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Жыл бойы
4	Мемлекеттік және қоғамдық органдармен ынтымақтастық арқылы білім алушылар арасында тәрбиеге, құқықбұзушылықтың алдын алуға, құқықтық сананы, салауатты өмір салтын және патриотизмді қалыптастыруға кешенді көзқарасты қамтамасыз ету.	Іс-шаралар, Мемлекеттік және қоғамдық органдармен іс-шаралар	ТІЖО Оразакова Ш.А. Мектеп психологы, әлеуметтік педагог	Жыл бойы
5	Тәрбие жұмысының тиімділігін мониторингтеу және бағалау	Анализ, анықтама, сауалнама жүргізу	Ш.А. Оразакова директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Жыл бойы

6	Мектеп оқушылары парламенттерін, өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру және қолдау	Жоспар, хаттама, есеп, анализ, іс-шаралар, кері байланыс.	Ш.А. Оразакова директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сарсенова Г.К. аға тәлімгер	Жыл бойы
7	Қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі және жол қауіпсіздігі бойынша жұмыс	Нұсқаулық, қауіпсіздік сағаты	Ш.А. Оразакова директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Астана қаласының ІІМ, ТЖД – мен жұмыс.	Жыл бойы
8	Есепте тұрған балалармен жүйелі жұмысты ұйымдастыру	Есеп, анықтама.	Ш.А. Оразакова директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Жыл бойы
13	Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мақсатында атқарылатын іс-шаралар	Іс-шаралар	Діни істері жөніндегі басқармасы, мектеп әкімшілігі, ТДЖО Оразакова Ш.А.	Келісім бойынша
14	«Өмірге салауатты қадам» алдын алу шаралары аясында салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес шеңберінде іс- шараларды ұйымдастыру және өткізу	Іс-шаралар, кездесу	Спорт және туризм министрлігі, ҚДСБ, ТДЖО Оразакова Ш.А.	Келісім бойынша
15	«Дұрыс және тиімді тамақтану - денсаулықтың негізі», «энергетикалық сусындардың адам ағзасына әсері» тақырыптарындағы тәрбие сағаттары	Тәрбие сағаттары	ҚДСБ, ТДЖО Оразакова Ш.А.	Келісім бойынша
17	«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» алдын алу шаралары аясында балалардың ақпараттық қауіпсіздігі мен цифрлық сауаттылығын қамтамасыз етуде «Құмар ойындар мен кибербуллингтің алдын алу» тақырыбында тәрбие сабақтарын өткізу	Кездесу, дөңгелек үстел	Мектеп әкімшілігі, ТДЖО Оразакова Ш.А.	Келісім бойынша
18	«Буллингтен қорған!» алдын алу шараларына бағытталған жұмыс	Іс-шаралар, сынып сағаттары, кездесу, дөңгелек	Психологиялық қолдау орталығы, мектеп	Жыл бойы

		үстелдер	әкімшілігі, Оразакова Ш.А.	ТДЖО	
21	Оқушылармен кәсіби бағдарлау жұмысын ұйымдастыру және өткізу: кәсіби қызығушылықтарын диагностикалау, тақырыптық сынып сағаттары, мамандық иелерімен кездесулер, оқу орындары мен кәсіпорындарға экскурсиялар, мамандық жәрмеңкелеріне қатысу	Іс-шаралар, анықтама, есеп, кездесулер	Мектеп әкімшілігі, Оразакова Ш.А.	ТДЖО	Жыл бойы
ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ					
1 қыркүйек – «Білім күні» 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні					
Апта дәйексөзі: Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)					
1	Білім күні «Мектеп – мейірім мекені!»	Мерекелік іс-шара	ТДЖО Оразакова Ш.А.Сынып жетекшілер		Қыркүйек
2	«Менің Қазақстаным!» сынып сағаты Академиялық адалдық мәселелеріне арналған «Адалдық сағаты» бірінші сынып сағаты, Қауіпсіздік сағаты (10 минут) 1-4 сынып «Төтенше қызметтердің телефон нөмірлері» 5-11 сынып «Жедел жәрдемнің нөмірлері мен сенім телефондары»	Сынып сағаты	ТДЖО Оразакова Ш.А. ӘБ жетекшілері		Қыркүйек
3	«Жаңа ортаға бейімделу – табысты оқудың бастауы» адаптация (1,5,10 сынып)	Анықтама	Мектеп психологы ТДЖО Оразакова Ш.А.		Қыркүйек
Апта дәйексөзі : Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!					
4	«Қазақстан – ортақ үйіміз, тіл – ортақ құндылығымыз» Тілдер мерекесі	Қазақстан халықтарының тілдер күніне арналған іс-шаралар	ТДЖО Оразакова Ш.А.		Қыркүйек 2-апта
5	Сынып сағаты «Біздің үйдің 5 ережесі» «Отбасылық жетіжапырақ гүлі» Қауіпсіздік сағаты (10 минут)	Сынып сағаты 5-11 сынып 1-4 сынып	ТДЖО Оразакова Ш.А. Аға тәлімгер		Қыркүйек

6	«Спорт –күш, білім – қанат!»	Челлендж (<i>сергіту</i>)	ТІЖО Оразақова Ш.А. дене шынықтыру мұғалімдері Мектеп парламенті	Қыркүйек 2-апта
7	«Менің сүйікті отбасым» эссе 5-11 сынып Ақындар сайысы 1-4 сынып	Отбасы күніне орай челлендж	ТІЖО Оразақова Ш.А. Мектеп парламенті	Қыркүйек 2-апта
8	«Отбасы –бақыт мекені» фото, сурет көрмесі	Көрме	ТІЖО Оразақова Ш.А. Сынып жетекшілер	Қыркүйек
9	"Мектептің есігі ашылады: (Тайм-менеджмент, өз-өзінді ұйымдастыру, қауіпсіздік сұрақтары, мектепшілік ережелер)	Ата-аналар жиналысы	Әкімшілік ТІЖО Оразақова Ш.А. Сынып жетекшілер	Қыркүйек
10	«Денсаулыққа жүгіреміз!» 1-4 сынып «Күш-қуат жина!» 5-7 сынып «Мықты балалар —Мықты ел» 8-11 сынып	Спорттық іс-шаралар, жарыстар	ТІЖО Оразақова Ш.А. Мектеп парламенті Аға тәлімгер	Қыркүйек
Апта дәйексөзі: Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға! /Абай/				
11	Оқушылардың құқық бұзушылыққа бейімділігін анықтау мақсатында психологиялық тест	Тест (құқық бұзышылықты алдын алу жоспары бойынша)	ТІЖО Оразақова Ш.А. Сынып жетекшілер	Қыркүйек
12	Өрт қауіпсіздігі бойынша профилактикалық жұмысты жүргізу	Профилактикалық әңгіме 1-9 сынып	Астана қ. ТЖД (УГПК, УКиВР, УЛЧС, УПЧС, УГО, ОСО, УОПиАСР, ЦПиОУ, УЧС)	Қыркүйек 3-апта
13	«Сөзбен де жаралауға болады..» сынып сағаты Қауіпсіздік сағаты (10 минут)	Сынып сағаты 1-4 сынып	ТІЖО Оразақова Ш.А. Сынып жетекшілер	Қыркүйек
14	Құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен кездесу	Кездесу, дөңгелек үстел (құқықбұзушылықты алдын алу жоспары бойынша)	ТІЖО Оразақова Ш.А.	Қыркүйек 3-апта
15	«Роботтар мен жасанды интеллект мұғалімді алмастыра ала ма»	Дебат отырысы	Дебат клубының жетекшісі Торғайбаев Қ.К.	Қыркүйек 3 апта
Апта дәйексөзі: Еңбек — жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы. /Абай/				
16	<u>Сынып сағаты</u> «Үлкен істің кішкентай көмекшілері» 1-4 сынып «Мамандық пен еңбекқорлық әлемі» 5-7 сынып	Сынып сағаты	ТІЖО Оразақова Ш.А. Сынып жетекшілер	Қыркүйек 4 апта

	«Жетістік формуласы: еңбек + төзім + мақсат» 8-11 сынып Қауіпсіздік сағаты (10 минут)			
17	«Ата мен әжеге мейірімді хаттар» — оқушылар ашықхат жасап, хат жазады. 1-4 сынып Фотокөрме: «Мен және менің атам мен әжем» — әңгіме және фото. 1-7 сынып Ардагерлерге көмек — ата-аналар мен ұстаздармен бірге. 5-11 сынып «Біздің жүректеріміздің жылуы— сіздерге» қарттарға концерт	Мероприятия, посвященные Дню пожилых Қарттар күніне арналған іс-шаралар	ТІЖО Оразакова Ш.А. Аға тәлімгер Мектеп парламенті	Қыркүйек 4 апта
18	Экологиялық челлендж «ЭКО-ҚЫРКҮЙЕК»	Сыныптар арасында Челлендж	ТІЖО Оразакова Ш.А. Аға тәлімгер Мектеп парламенті	Қыркүйек 4 апта
19	Ата-аналарға қолдау көрсету орталығы аясында өткізетін іс-шаралар. «Отбасы мен мектеп: балалар үшін бірге» 1-4 сынып «Жүрекжарды әңгіме» 5-7 сынып «Дана ата-ана сабақтары» 8-11 сынып	Ашық есік күні	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер	Қыркүйек 4 апта

ҚАЗАН - ПАТРИОТИЗМ МНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК АЙЫ

1 қазан –Халықаралық қарттар күні

5 қазан –Ұстаздар күні

24 қазан – Кітапханашы күні

25 қазан – Республика күні

Апта дәйексөзі: Ел-жұртымның бақыты аталатын, Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!

1	Сынып сағаты «Қайырымдылық жаса—ол саған қайтарады» 1-4 сынып «Сен көмектесе аласың!» 5-7 сынып «Волонтёр: шексіз көмек» 8-11 сынып Қауіпсіздік сағаты (10 минут)	Сынып сағаты	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер	Қазан 1 апта
2	«Мұғалімнің бір күні» — (Дублёр күні)	9-11 сынып	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер	Қазан
3	«Оқушы жүрегінен мұғалімге» ашық қабырға/	1-11 сынып	ТІЖО Оразакова Ш.А.	Қазан

	тілектер бұрышы		Аға тәлімгер Мектеп парламенті	
4	«Ұстазым»	Концерт	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер	Қазан
5	«Ақпараттық қауіпсіздік қаншалықты қамтамасыз етілген?» Дебат отырысы	Дебат	ТІЖО Оразакова Ш.А. Дебат клубының жетекшісі	Қазан
6	«Күзгі сиқыр»	1-4 сынып Күзгі көрме	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер	Қазан
7	«Көмек кімге қажет?» – волонтерлік қызмет	Мектепшілік волонтерлік акция	ТІЖО Оразакова Ш.А. Аға тәлімгер	Қазан
8	«Адалдық сағаты», академиялық адалдыққа арналған сынып сағаты «Болайық адал және шыншыл!» «Жақсы адам – адал адам» «Адал болу – абырой болу» <i>ЖЖТ</i> «Жол қозғалысы қауіпсіздігі» Қауіпсіздік сағаты (10 минут)	1-4 сынып 5-7 сынып 8-11 сынып	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер	Қазан 1 апта
Апта дәйексөзі: Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!				
9	Жол қауіпсіздігі Қауіпсіздік сағаты (10 минут)	1-7 сынып Сынып сағаты	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер	Қазан 2 апта
10	Ойындарға деген салауатты көзқарас Қауіпсіздік сағаты (10 минут)	Сынып сағаты 8-11 сынып	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер	Қазан
11	«Репродуктивті денсаулық деген – это что такое?» Қауіпсіздік сағаты (10 минут)	Сынып сағаты 8-11 сынып	ТІЖО Оразакова Ш.А. Медицина қызметкері	Қазан
Апта дәйексөзі: Отанды сүю – отбасынан басталады!				
12	Ғаламтор кеңістігінде қайіпсіздік туралы сынып сағаттары 1-4 сынып «Ғаламтор деген не?» 5-7 сынып «Ғаламтор бәрін естке сақтайды. Сен	Сынып сағаты Сценарий Әлеуметтік желіге жариялау	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер	Қазан 3-апта

	ше?» 8-11 сынып «Интернет – жауапкершілік аймағы»			
Апта дәйексөзі: Отаным – алтын бесігім!				
13	Сынып сағаты 1-4 сынып «Қазақстан – біздің ортақ үйіміз» 5-7 сынып «Республика күні – бостандық пен тәуелсіздік күні» 8-11 сынып «Республика — ел болашағының басталуы» Қауіпсіздік сағаты (10 минут)	Республика күніне арналған сынып сағатының әзірлемесі	ТІЖО Оразакова Ш.А. Мектеп парламенті Аға тәлімгер	Қазан 4-апта
14	Дебат турнирі «Адалдық — мықты адамдардың таңдауы»	Мектепте дебат жарысы Әлеуметтік желіге жариялау	ТІЖО Оразакова Ш.А. Торғайбаев Қ.К. Дебат клубының жетекшісі	Қазан 4-апта
15	Ашық есік күні 1-4 сынып «Білім мен қамқор тұратын үй» 5-7 сынып «Қазіргі мектеп: біздің балалар қалай оқиды» 8-11 сынып «Ашық көкжиектер күні»	Ашық есік күні Әлеуметтік желіге жариялау	ТІЖО Оразакова Ш.А.	Қазан 5-апта
16	Ата-аналар жиналысы 1-4 сынып « Біздің жетістіктеріміз бен өсу нүктелеріміз. » 5-7 сынып «Нағыз өсетін уақыт: Алғашқы нәтиже, жаңа міндеттер» 8-11 сынып « Жоғары сынып оқушысы: мотивация, мақсаттар, даму. »	Ата- ана жиналысының Әзірлемесі Хаттама Әлеуметтік желіге жариялау	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер	Қазан 5-апта
17	ЭКО-челлендж «Қағазға – өмір сыйла! / Подари бумаге вторую жизнь!»	Сбор и сдача мукалатуры Публикация	ТІЖО Оразакова Ш.А. Мектеп парламенті Аға тәлімгері	Қазақ 5- апта
18	«Күзгі ғажайыптар» әдеби кеш	5-8 сынып	ТІЖО Оразакова Ш.А. Мектеп парламенті Аға тәлімгер	Қазан 4-апта
19	«Қауіпсіз мектеп – бақытты бала» Қауіпсіздік сағаты (10 минут)	1-11 сынып Сынып сағаты әзірлемесі	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер	қазан
20	«Мектеп парламенті президентін сайлау —	Сайлау хаттамасы	ТІЖО Оразакова Ш.А.	Қазан

	қазан айының үшінші сенбісі»		Аға тәлімгер Сынып жетекшілер	
Қараша – әділдік және жауапкершілік айы				
15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні				
16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні				
Апта дәйексөзі: Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым!				
1	Күзгі каникул кезінде білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру (сапарлар, экскурсиялар)	Экскурсия, Әлеуметтік желіге жариялау	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер	Қараша 1-апта
Апта дәйексөзі: Тура биде туған жоқ				
2	Сынып сағаты «Ақа әлеміне саяхат» Қауіпсіздік сағаты (10 минут)	5-8 сынып Әзірлеме	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер Тарих мұғалімдері	Қараша 2-апта
3	Сынып сағаты «Теңгенің ғажайып әлемі» Қауіпсіздік сағаты (10 минут)	1-4 сынып	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер	Қараша 2-апта
4	Сынып сағаты «Қазақ теңгесі — ұлт мақтанышы» Қауіпсіздік сағаты (10 минут)	9-11 сынып	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер Тарих мұғалімдері	Қараша 2 - апта
5	Дебат «бір теңгеден байлыққа»	Дебат клубының отырысы	ТІЖО Оразакова Ш.А. Торғайбаев Қ.К.	Қараша 2-апта
6	«Қыз бала тәрбиесі: тазалық, күтім және қауіпсіздік» (5-11 классы)	әңгіме	ТІЖО Оразакова Ш.А. Медицина қызметкерлері	Қараша 2-апта
	«Жетістік иллюзиясы: оқу барысында алдаудың салдары» Академиялық адалдықты бұзудың (плагиат, көшіріп жазу, деректерді қолдан жасау) зардаптарын мысалдармен түсіндіретін интерактивті дәріс (5–11 сынып).	Лекция	ТІЖО Оразакова Ш.А. Мектеп директоры	Қараша 2-апта
Цитата недели: Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі				
7	«Кішкентай жүрек –үлкен мейірімділік» Қауіпсіздік сағаты (10 минут)	Сынып сағаттарының әзірлемелері	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер	Қараша
8	<u>Сынып сағаты</u> «Бәріміз адал болсақ...» 1-4 сынып «Адал өмір сүру — абыройлы өмір сүру» 5-7 сынып	Сынып сағатының әзірлемесі, Әлеуметтік желіге жариялау	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер	Қараша 3-апта

	«Адалдық — сенің абыройың» 8-11 сынып Қауіпсіздік сағаты (10 минут)			
9	Челлендж «АСЫҚ АТУ»	Челлендж	ТІЖО Оразакова Ш.А. Дене шынықтыру мұғалімдері, мектеп парламенті	Қараша 3-апта
10	«Ережемен өмір сүру — қауіпсіз өмір сүру» (8–11 сынып) Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша құқық қорғау органдары өкілдерімен кездесу.	«Дөңгелек үстел (2025 жылға арналған білім беру ұйымындағы құқықбұзушылықтың алдын алу жұмысы жоспарына сәйкес)»	ТІЖО Оразакова Ш.А. Құқық қорғау органдары қызметкерлері	Қараша 3-апта
Апта дәйексөзі: Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!				
11	1-4 сынып «Салауатты өмір салты еліне саяхат» 5-7 сынып ««Салауатты болу — сәнді» 8-11 сынып «Бостандық — еркін өмір сүру». Қауіпсіздік сағаты (10 минут)	Сынып сағатының әзірлемесі, Әлеуметтік желіге жариялау	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер	Қараша 4-апта
12	1-4 сынып «Бала. Мектеп. Ата-ана:біз біргеміз!» 5-7 сынып «Өтпелі жас кезеңі: өзара түсіністікке жол» 8-11 сынып «Даму бағыты: оқу, қызығушылықтар, мінез-құлық»	Ашық есік күні	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер	Қараша 4-апта
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы				
5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні				
16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні				
Апта дәйексөзі: Бірлігі күшті ел озады				
1	«АИТВ/ЖИТС-ке қарсы күрес күніне арналған сынып сағаты» 1-4 сынып «Дені сау өмір: алдын алу және қолдау» 5-7 сынып «Жауапты таңдау— денсаулық пен өмір» 8-11 сынып «АИТВ/ЖИТС туралы ашық: білім өмірді сақтайды»	Сынып сағаты (мамандарды шақыру) Сынып сағатының әзірлемесі, Әлеуметтік желіге жариялау	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер	Желтоқсан 1-апта

	Қауіпсіздік сағаты (10 минут)			
2	«АИТВ/ЖИТС алдын алу: маңызды әңгіме» (ерте жүктіліктің алдын алу, АИТВ/ЖИТС, жұқпалы аурулар, жыныстық гигиена) 8–11 сыныптар	«Кейстер мен сұрақтар, видео, таралымдық материалдар арқылы интерактивті дәріс»	ТІЖО Оразакова Ш.А. Медицина қызметкерлері	Желтоқсан 1-апта
3	Акция «Қамқор» по поддержке чистоты в школе 1-4 сынып «Таза класс — жақсы көңіл-күй» 5-7 сынып «Тазалық – тазалайтын жерде емес, ластамайтын жерде» 8-11 сынып «Қоқыссыз мектеп»	Акция Әлеуметтік желіге жариялау	ТІЖО Оразакова Ш.А. Мектеп парламенті Аға тәлімгері	Желтоқсан 1-апта
4	«Мен оқыған бір кітап» REDx форматында іс-шара	Әлеуметтік желіге жариялау	ТІЖО Оразакова Ш.А. мектеп кітапханашы	Желтоқсан 1-апта
Апта дәйексөзі: Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді				
5	«Салт-дәстүрді сақтау — ұлт тәуелсіздігіміздің негізі. Кім қарсы?»	Мектеп дебат жарысы	ТІЖО Оразакова Ш.А. Торғайбаев Қ.К.	Желтоқсан 2-апта
6	«Эссе жазу: болашаққа хат» — челлендж	Челлендж	Тарих мұғалімдері ТІЖО Оразакова Ш.А.	Желтоқсан 2-апта
7	Сынып сағаты («Буллингтен қорған!» жобасы бойынша) 1-4 сынып «Сенің күшің қайырымдылықта» 5-7 сынып «Буллингтің орнына достық» 8-11 сынып ««Мектепті мейірімді етейік»» Қауіпсіздік сағаты (10 минут)	Сынып сағатының әзірлемесі, Әлеуметтік желіге жариялау	ТІЖО Оразакова Ш.А. мектеп кітапханашы	Желтоқсан 2-апта
	Челлендж «Жетістігімді еліме арнаймын»	Челлендж, Әлеуметтік желіге жариялау	ТІЖО Оразакова Ш.А. Мектеп парламенті Аға тәлімгері	Желтоқсан 2-апта
Апта дәйексөзі: Бірлік болмай тірлік болмас				
8	«Тәуелсіздік – ең қымбат құндылығымыз» 1-11 сынып Қауіпсіздік сағаты (10 минут)	Сынып сағатының әзірлемесі, Әлеуметтік желіге жариялау	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер	Желтоқсан 3-апта

9	«Шындық пен достық туралы ертегілер» 1-4 класс	Ойындар, театрландырылған қойылым (Астана қаласы жастары арасында академиялық адалдықты ілгерілету жөніндегі 2025 жылға арналған кешенді жоспарға сәйкес)	ТІЖО Оразақова Ш.А. Сынып жетекшілер	Желтоқсан 3-апта
10	ЭКО-челлендж «Қағазға – өмір сыйла!»	« Қағаз калдықтарын жинау және тапсыру ».	ТІЖО Оразақова Ш.А. Сынып жетекшілер	Желтоқсан 3-апта
Апта дәйексөзі: Ынтымақ – бұзылмайтын қорған				
11	1-4 сынып «Мақсат қоюды үйренеміз» 5-7 сынып «Кішкентай қадамдар—үлкен жетістіктер» 8-11 класс «Жетістікке жетем десең – жоспарың болсын!» Қауіпсіздік сағаты (10 минут)	Сынып сағатының әзірлемесі, әлеуметтік желіге жариялау (Саналы жоспарлау дағдысын қалыптастыру, қорытынды шығару, жаңа жылға жеке мақсаттар қою)	ТІЖО Оразақова Ш.А. Сынып жетекшілер	Желтоқсан 4-апта
12	«Қауіпсіз Жаңа жыл –қауіпсіз демалыс»	Профилактикалық әңгіме, Әлеуметтік желіге жариялау	ТІЖО Оразақова Ш.А. Астана қаласы ТЖД	Желтоқсан 4-апта
13	«Ата-аналарды қолдау орталықтары аясында өткізілетін іс-шаралар» 1-4 сынып «Жүректер мен күш-жігерді біріктіре отырып» 5-7 сынып «Бірлік пен келісім —отбасымыздың негізі» 8-11 сынып «Балаларымыздың болашағы үшін ынтымақ»	Ашық есік күні, Әлеуметтік желіге жариялау	ТІЖО Оразақова Ш.А. Сынып жетекшілер	Желтоқсан 4-апта
14	«Қош келдің, Жаңа жыл» 1-11 сыныпқа іс-шаралар	Мектепшілік іс-шаралар	ТІЖО Оразақова Ш.А. Сынып жетекшілер Аға тәлімгер	Желтоқсан 4-апта

			Мектеп парламенті	
Қаңтар – заң және тәртіп айы				
1 қаңтар – Жаңа жыл				
Апта дәйексөзі: Талап бар жерде тәртіп бар				
1	1–4 сынып: «Бәріне ортақ ережелер — тату өмір сүру үшін» 5–7 сынып: «Өркімнің құқығы мен міндеті» 8–11 сынып: «Занды құрметтеу — жауапкершілікті арттыру» Қауіпсіздік сабақтары (10 минут)	Сынып сағаты (Миға шабуыл, интерактивті ойындар мен квесттер), әзірлеме, Әлеуметтік желіге жариялау	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер	Қаңтар 1-апта
2	«Мамандықтар марафоны «Кәсіби сапар: арманыңды аш»	Мектепшілік байқауының әзірлемесі, Әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО Оразакова Ш.А. Аға тәлімгер	Қаңтар 1-апта
Апта дәйексөзі: Тәртіп – тәрбие бастауы				
3	«Адалдық сағаты», ізгілік пен академиялық адалдық мәселелеріне арналған 1-4 сынып «Адалдықтың кішкентай батырлары» 5-7 сынып «Үйде және мектепте адалдық» 8-11 класс «Мейірімділік пен шындық бірге жүреді» Қауіпсіздік сабақтары (10 минут)	Сынып сағаты (Астана қаласы жастары арасында академиялық адалдықты ілгерілету жөніндегі 2025 жылға арналған кешенді жоспарға сәйкес) Әлеуметтік желіге жариялау	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер	Қаңтар 2-апта
4	Челлендж «Қазақ есебі»	Челлендж, публикация	ТІЖО Оразакова Ш.А. Математика мұғалімдері	Қаңтар 2-апта
5	«Нағыз ер азамат болу – намыс пен жауапкершілік» 6-11 сынып	6–11 сыныптың ұлдарымен ашық әңгіме	ТІЖО Оразакова Ш.А. Әкелер	Қаңтар 2-апта
6	«Құқықтық сауаттылық: қауіпсіз өмірге жол» қауіпсіздік онкүндігі	Жеке жоспар бойынша онкүндік (2025 жылға арналған білім беру ұйымындағы құқықбұзушылықтың алдын алу жұмысы жоспарына	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер тарих мұғалімдері	Қаңтар 2-апта (12-23 қаңтар 2026 ж.)

		сәйкес)		
7	Театрландырылған қойылымдар байқауы «Заң мен балалар: қатесіз болашақ» 5-11 сынып	Мектепшілік байқау (2025 жылға арналған білім беру ұйымындағы құқықбұзушылықтың алдын алу жұмысы жоспарына сәйкес) әлеуметтік желіге жариялау	ТІЖО Оразакова Ш.А. Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспектор	Қаңтар 2-апта
Апта дәйексөзі: Әділ заң – аспан тірегі»				
8	«Жастар мемлекеттің өміріне белсенді қатысуы керек пе?»	Дебат	ДТІЖО Оразакова Ш.А. Торғайбаев Қ.К.	Қаңтар 3 -апта
9	«Мейірім мен құрмет — зорлықты жеңеді» 9–11 сынып «Дос іс жүзінде танылады» 5–8 сынып «Менің достарым және мен» 1–4 сынып Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты (топтық жаттығулар, рөлдік ойындар және пікірталастар арқылы интерактивті тренинг)	ТІЖО Оразакова Ш.А. Математика мұғалімдері	Қаңтар 3 -апта
10	«Академиялық адалдық: рұқсат етілген шекара қайда?» Академиялық адалдықты ілгерілету бойынша өз идеяларын ұсынуға болатын ашық пікірталастар үшін TEDx форматында түлектермен, мұғалімдермен, жоғары сынып оқушыларымен және колледж студенттерімен кездесулер өткізу.	TEDx форматында кездесу (Астана қаласы жастары арасында академиялық адалдықты ілгерілету жөніндегі 2025 жылға арналған кешенді жоспарға сәйкес)	Мектеп әкімшілігі ДТІЖО Оразакова Ш.А.	Қаңтар 3 -апта
11	Волонтерлік эстафета «Қар десанты»	Эстафета, әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО Оразакова Ш.А. Аға тәлімгер Мектеп парламенті	Қаңтар 3-апта (23 қаңтар 2026 ж.)
Апта дәйексөзі: Тәртіпсіз ел болмайды				
12	1-4 сынып «Бағдаршам көмекке келе жатыр» 5-7 сынып «Жолда қауіпсіз» 8-11 сынып «Жолда— Қате жасауға құқық жоқ»» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағатының әзірлемесі, әлеуметтік желіге жариялау	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер	Қаңтар 4 -апта

13	«Ата-аналарды қолдау орталықтары аясында өткізілетін іс-шаралар»	Ашық есік күні	ТІЖО Оразақова Ш.А. Сынып жетекшілер	Қаңтар 4 -апта
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық				
14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні				
Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні				
Апта дәйексөзі: Жасампаздық – бәрімізге өнеге				
1	1–4 сынып: «Ережелермен желіде саяхат» 5–7 сынып: «Интернеттегі қауіпсіздік — саған байланысты» 8–11 сынып: «Желіде тұзаққа қалай түспеуге болады» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты (Пікірталас (дөңгелек үстел), видео қарау және талқылау, презентациялар мен мультимедиа қолдану)	ТІЖО Оразақова Ш.А. Сынып жетекшілер	Ақпан 1-апта
2	Мектепте бағалар —бұл маңызды емес. (Не маңыздырақ: білім бе, әлде баллдар ма?)	Мектеп дебат жарысы	ДТІЖО Оразақова Ш.А. Торғайбаев Қ.К.	Ақпан 1-апта
Апта дәйексөзі: Шығармашыл бала – ойлы бала				
3	1–4 сынып: «Әркім табысты бола алады» 5–7 сынып: «Танымал адамдар — бұрынғы қарапайым балалар» 8–11 сынып: «Табысты оқиғалар: шабыттанып, әрекет ет!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты («Табысты адамдардың өмірі» интерактивті ойыны / табысты адамдардың мотивациялық кейстері)	ТІЖО Оразақова Ш.А. Сынып жетекшілер	Ақпан 2-апта
4	Челлендж «Шын жүректен кітап сыйла!»	Челлендж	ДТІЖО Оразақова Ш.А. Мектеп кітапханашы	Ақпан 2-апта
Апта дәйексөзі: Өнерлі бала өрге жүзер				
5	1-4 сынып «Ереже не үшін қажет?» 5-7 сынып «Үйде мен мектептегі ережелер» 8-11 сынып «Айналамыздағы заңдар» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағатының әзірлемесі, әлеуметтік желіге жариялау	ТІЖО Оразақова Ш.А. Сынып жетекшілер	Ақпан 3-апта
6	«Су тасқыны кезінде қауіпсіздік ережелері: білім – құтқару»	Қауіпсіздік сағаты, әлеуметтік желіге жариялау	ТІЖО Оразақова Ш.А. Астана қаласы ТЖД	Ақпан 3-апта
7	«Шығармашылық шеберхана», балалар адалдық туралы оқиғалар мен суреттер жасайд	Шығармашылық шеберханалар (Астана қаласы жастары арасында)	ТІЖО Оразақова Ш.А. Сынып жетекшілер	Ақпан 3-апта

		академиялық адалдықты ілгерілету жөніндегі 2025 жылға арналған кешенді жоспарға сәйкес)		
Апта дәйексөзі: Жаңашылдық – заман талабы				
8	1–4 сынып: «Қауіппен ойнама» 5–7 сынып: «Егер кенет болса...» 8–11 сынып: «Жым-жырт қауіптер: алкоголь, есірткі, құрдастардың қысымы» «Қауіпсіз қоғам» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты (пікірталас (дөңгелек үстел), видео қарау және талқылау, презентациялар мен мультимедиа қолдану)	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер	Ақпан 4-апта
9	Флешмоб «Мен ризамын...», Алғыс айту күніне арналған іс-шара	Флешмоб Жариялау	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер	Ақпан 4-апта
10	«Не үшін ризашылығымды білдіремін» атты бейнебаяндар шығармашылық байқауы»	Видео жариялау	ЗДВР Оразакова Ш.А. Аға тәлімгер Мектеп парламенті	Ақпан 4-апта
11	«Ата-аналарды қолдау орталықтары аясында өткізілетін іс-шаралар»	Ашық есік күні	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер	Ақпан 4-апта
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы				
1 наурыз – Алғыс айту күні 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні 30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні				
Апта дәйексөзі: Патриотизм – ата-анаңды құрметтей білуің...(Б.Момышұлы)				
1	Сынып сағаттары 1-4 сынып «Рахмет — ғажайып сөз» 5-7 класс "Лайк за доброту" 8-11 класс «Алғыстың күші: қолыңда барды не үшін қадірлеу қажет?» Қауіпсіздік сабақтары (10 минут)	Сынып сағаты (<i>Дискуссия, дөңгелек үстел, бейнероликті талқылау, презентация мен мультимедианы қолдану</i>)		Наурыз 1-апта
2	«Дәрігерге сұрақтарың бар ма?» дөңгелек үстел «Questions and Answers» сұрақ - жауап 7-9 сынып	«Questions and Answers» сұрақ –жауап	ТІЖО Оразакова Ш.А. Медицина қызметкерлері (психолог, косметолог, диетолог, гинеколог)	Наурыз 1-апта

3	«Өлең арнайтын адамдар» 8 Наурызға орай ақындар айтысы 5-11 сынып	Байқау Жариялау Марапаттау	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер	Наурыз 1-апта
4	«Аналарымызға мың алғыс» 5-7 сынып бейнероликтер байқауы	Челлендж	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер	Наурыз 1-апта
5	«Нұрлы нәзіктік» шығармашылық шеберхана (Театраландырылған қойылым немесе ертегі, Анаға/әжеге сыйлық) 1-4 сынып	8 Наурызға іс-шара Жариялау Сценарий	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер	Наурыз 1-апта
6	«Гүлдей жайнап жүрген әйелдер мерекесі» 1-11 сынып	Концерт 1-11 сынып	ТІЖО Оразакова Ш.А. Аға тәлімгер Мектеп парламенті Сынып жетекшілер	Наурыз 1-апта
7	"Ерлерге" және "әйелдерге" тән мамандықтар туралы стереотиптер ескірген. (Мысалы: әйелдер — ұшқыштар, ер адамдар — тәрбиешілер.)	Дебат турнирі	ЗДВР Оразакова Ш.А. Торғайбаев Қ.К.	Наурыз 1-апта
Апта дәйексөзі: Тәуелсіздік – тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік				
8	Сынып сағаты 1-4 сынып «Мектеп – біздің ортақ үйіміз» 5-7 сынып «Ұқыпты қарым-қатынас — мәдениетке бастар қадам.» 8-11 сынып «Мінез-құлық мәдениеті мен қоғам алдындағы жауапкершілік» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер	Наурыз 2-апта
Апта дәйексөзі: Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады				
9	Сынып сағаты: «Наурыз — мейірім мен жаңалықтың бастауы» Қауіпсіздік сабақтары (10 минут) — 1–11 сыныптар	Сынып сағаты	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер	Наурыз 3-апта
10	Домбырашылар челленжі «Күй күмбірі»– Наурыз қарсаңында күй орындау	Челлендж	ТІЖО Оразакова Ш.А. Мектеп парламенті Аға тәлімгер	Наурыз 3-апта
11	«Наурызнама» іс-шаралары	Іс-шаралар Сценарийлер Жариялау	ТІЖО Оразакова Ш.А. Аға тәлімгер ӘБ жетекшілері	Наурыз 2,3-апта (14-23 наурыз 2026

				ж.)
Апта дәйексөзі: Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең				
12	Ата-аналарды қолдау орталықтары аясында өткізілетін іс-шаралар	Ашық есік күні	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер	Наурыз 4 апта
СӘУІР – ЕҢБЕКСҮЙГІШТІК ПЕН КӘСІБИ БІЛКІЛІК АЙЫ				
2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні 7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні 12 сәуір – Ғылым күні 15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні 18 сәуір – Ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғаудың халықаралық күні 23 сәуір – Ұлттық кітап күні				
Апта дәйексөзі: Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап. (Абай)				
1	Сынып сағаты: 1–4 сыныптар: «Оқу — қызықты!» 5–7 сыныптар: «Бізді өзгертетін кітаптар» 8–11 сыныптар: «Өмірдің сторителлингi: сен оқисың ба, әлде сені оқи ма?» Қауіпсіздік сабақтары (10 минут)	Сынып сағаты	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер	Сәуір 1-апта
2	Экологиялық акциясы «Құстар біздің досымыз» 1-7 сыныптар	Құстар ұясын (құстарға арналған үйшік) жасау бойынша шеберлік сабақтары, бейнероликтер	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып сағаты Қамқор Исина А.Е. жетекшісі	Сәуір 1-апта
Апта дәйексөзі: Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді. (Леонардо да Винчи)				
3	Сынып сағаты: 1–4 сыныптар: «Денсаулық Докторына қонаққа» 5–7 сыныптар: «Сен — не жесең (және қалай ұйықтасаң), соған теңсің!» 8–11 сыныптар: «Өмір отыны: сен неден қуат аласың?» «Денсаулықты сақтаудың қарапайым жолдары» Қауіпсіздік сабақтары (10 минут)	Сынып сағаты	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер Химия, биология пәндерінің мұғалімдері, психолог	Сәуір 2-апта
4	«Денсаулыққа қарай 10 000 қадам», Дүниежүзілік денсаулық күні аясында	Жаяу жүріс акциясы: мектеп оқушылары мен мұғалімдері	ТІЖО Оразакова Ш.А. Мектеп парламенті	Сәуір

	8–11 сыныптар	бір күні кім көбірек қадам жасайды деп жарысады (қадам санағыштар, қосымшалар немесе қарапайым есептегіштер арқылы). Нәтижелері әлеуметтік желілерде жарияланады.	Аға тәлімгер	2-апта
5	Квест «Денсаулық іздестіру»: оқушылар станциялар бойынша өтеді (дене белсенділігі, тамақтану, ұйқы, эмоциялар және т.б.), тапсырмаларды орындайды және «денсаулық формуласын» жинайды 5–7 сыныптар	Квест, интерактивті ойын	ТІЖО Оразакова Ш.А. Мектеп парламенті Аға тәлімгер Сынып жетекшілер	Сәуір 2-апта
6	Волейболдан жарыс «Ұрпақтар матчы»	Спорттық ойын Жариялау	ТІЖО Оразакова Ш.А. Дене шынықтыру мұғалімдері	Сәуір 2-апта
7	Үй тапсырмасын тоқтату қажет. Қолдаушылар: бос уақыттың көбеюі, стресстің азаюы. Қарсы шыққандар: білімді бекіту мүмкіндігі, жауапкершілікті қалыптастыру.	Мектеп дебаты	ЗДВР Оразакова Ш.А. Торғайбаев Қ.К.	Сәуір 2-апта
Апта дәйексөзі: Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар				
1	Сынып сағаты: 1–4 сыныптар: «Жақсы мінез туралы ертегі» 5–7 сыныптар: «Жақсы әдеттер мен мәдени қарым-қатынас» 8–11 сыныптар: «Үлкендерше қарым-қатынас жаса» «Қоғамдық мүлікті қорға!» Қауіпсіздік сабақтары (10 минут)	Сынып сағаты (Талқылау және ми шабуылы, әртүрлі әдеп жағдайларын талдау, дұрыс мінез-құлықты қарастыру және т.б.)	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер	Сәуір 3-апта
2	«Ғылым күні аясында таңғажайып эксперименттер әлемі»	Эксперименталды алаң Сценарий , әлеуметтік желіге жариялау	ТІЖО Оразакова Ш.А. Ғылыми орынбасары	Сәуір 3-апта
3	«Мамандыққа саяхат» — жоғары сынып	Экскурсиялар, шеберлік	ТІЖО Оразакова Ш.А.	Сәуір

	оқушылары үшін экскурсиялар мен шеберлік сабақтары	сабақтары, жарияланымдар	Сынып жетекшілер	3-апта
4	«Теңқұқылы диалог: статистикаға ілікпей қалай қалуға болады» Құқық қорғау органдарының өкілдерімен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында кездесу	Кездесу, дөңгелек үстел (2025 жылға арналған білім беру ұйымдарында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыс жоспарына сәйкес)	ТІЖО Оразакова Ш.А. Құқық қорғау органдарының өкілдері	Сәуір 3-апта
Апта дәйексөзі: Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер				
5	Сынып сағаты: 1–4 сыныптар: «Кішкентай еңбекқорлар мектебі» 5–7 сыныптар: «Жалқаулық – дұшпан, еңбек – дос» 8–11 сыныптар: «Тіршілік ету үшін жұмыс істеу, әлде жұмыс істеу үшін өмір сүру?» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты (талқылау және ми шабуылы, әртүрлі әдеп жағдайларын талдау, дұрыс мінез-құлықты қарастыру және т.б.)	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер	Сәуір 4-апта
6	Арт-терапия: «Кіші жастағылар – үлкендерге: қолдау өнері» тақырыбында сурет салу, балшықпен жұмыс, коллаж жасау 9, 11 сынып	Арт-терапиялық жаттығу, жариялау	ТІЖО Оразакова Ш.А. Бастауыш сынып жетекшілерімен бірге	Сәуір 4-апта
7	Ұлттық кітап күніне челлендж: 1–4 сыныптар: «Кейіпкерді тап» 5–7 сыныптар: «Оқыған кезінде ұсталды» 8–11 сыныптар: «Кітаппен 7 күн»	Челлендж Әлеуметтік желіге жариялау	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер	Сәуір 4-апта
8	Челлендж «Шахмат сынағы» 1-11 сынып	Челлендж Әлеуметтік желіге жариялау	ТІЖО Оразакова Ш.А. Аға тәлімгер Мектеп парламенті	Сәуір 4-апта
Апта дәйексөзі: Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер				
9	Сынып сағаты: 1–4 сыныптар: «Біз әртүрліміз, бірақ теңбіз» 5–7 сыныптар: «Бір аспан астында» 8–11 сыныптар: «Әр түрлі тамырлар – біртұтас құндылықтар»	Сынып сағаты	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер	Сәуір 4-апта

	Қауіпсіздік сабағы (10 минут)			
10	Сөздік әңгіме: «Сақ бол: бала мен ашық терезе!» 1–7 сыныптар	Қауіпсіздік сағаты	ТІЖО Оразақова Ш.А. ТЖД Астаны қ. (УПЧС)	Сәуір 5-апта
11	Ата-аналарды қолдау орталығы аясында өткізілетін іс-шаралар	Ашық есік күні	ТІЖО Оразақова Ш.А. Сынып жетекшілер	Сәуір 5-апта
12	«Біздің мүлікті бірге қорғаңыз» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сыныптан тыс іс-шара 1-4 сынып	ТІЖО Оразақова Ш.А. Сынып жетекшілер	Сәуір 5-апта
МАМЫР – БІРЛІК ЖӘНЕ КЕЛІСІМ АЙЫ				
1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні 9 мамыр – Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күні 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні 18 мамыр – Халықаралық музейлер күні 31 мамыр – Саяси репрессия құрбандарын еске алу күні				
Апта дәйексөзі: Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ				
1	Сынып сағаты: 1–4 сыныптар: «Кіші батырлар – үлкен істер» 5–7 сыныптар: «Қорғаушылар. Олар кім?» 8–11 сыныптар: «Отанды қорғау – әрқайсысына абырой» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	ТІЖО Оразақова Ш.А. Сынып жетекшілер	Мамыр 1-апта
2	Әдеби-музыкалық композиция «Еске алу. Ерлік. Жеңіс» 1–11 сыныптар	Әдеби-музыкалық кеш/концерт	ТІЖО Оразақова Ш.А. Сынып жетекшілер Аға тәлімгер Музыка мұғалімдері	Мамыр 1-апта
3	«Ерліктерге — махаббат пен алғыс» атты Отанға, ерліктерге арналған өлеңдер байқауы 1–8 сыныптар	Конкурс Әлеуметтік желіге жариялау Марапаттау	ТІЖО Оразақова Ш.А. Сынып жетекшілер Аға тәлімгер	Мамыр 1-апта
4	Әскери-спорттық жарыстар 9–11 сыныптар	Жарыс	Дене шынықтыру мұғалімдері НВ и ТП	Мамыр 1-апта
5	ТЖД қызметкерлерімен кездесу «Батырлар біздің қатарымызда»	Дөңгелек үстел Әлеуметтік желіге жариялау	ТІЖО Оразақова Ш.А. Аға тәлімгер	Мамыр 1-апта

	7–11 сыныптар			
Апта дәйексөзі: Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ				
6	Сынып сағаты, адалдық пен академиялық шыншылдық мәселелеріне арналған: 1–4 сыныптар: «Білімді ешкімнен ұрлай алмайсың!» 5–7 сыныптар: «Басқаның балы кімге керек?» 8–11 сыныптар: «Сенім – бағаға қарағанда маңызды» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты (2025 жылға арналған Астана қаласында жастар арасында академиялық адалдықты насихаттау бойынша Кешенді жоспарға сәйкес)	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер	Мамыр 2-апта
7	«7Я» — отбасылық фотосуреттер көрмесі 1–4 сыныптар 5–7 сыныптар: «Бақыт бетте» 8–11 сыныптар: «Отбасылық альбом»	фото көрме	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер Мектеп парламенті	Мамыр 2-апта
Апта дәйексөзі: Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек. (Төле би)				
8	Сынып сағаты «Менің отбасымның негізгі құндылықтары, дәстүрлері, әдеттері» 1-11 сынып <i>Қауіпсіздік сабақтары (10 минут)</i>	Сынып сағаты	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер	Мамыр 3-апта
9	Дебат: «Мектеп демалысы ұзақ болуы керек пе?» Оқушылар «ҚОЛДАЙДЫ»: демалыс, денсаулық Қарсы шыққандар: білім ұмытылады	Дебат отырысы	ТІЖО Оразакова Ш.А. Торғайбаев Қ.К.	Мамыр 3-апта
Апта дәйексөзі: Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп. /Күлтегін/				
10	«Білімім – Отаныма!» сынып сағаты	Сынып сағаты	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер	Мамыр 4-апта
11	Эссе «Бүгінгі арман – ертеңгі шындық» (5-10 классы)	Эссе	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер	Мамыр 4-апта
12	Акция «Жүректен жүрекке» / «От сердца к сердцу» – пишем и дарим письма доброты (другу, учителю, семье) (1-4 классы)	Акция, Әлеуметтік желіге жариялау	ТІЖО Оразакова Ш.А. Сынып жетекшілер Мектеп парламенті	Мамыр 4-апта

13	Мерекелік іс-шара «Мектебім, саған мың алғыс!»	Мерекелік іс-шара	ТІЖО Оразақова Ш.А. Сынып жетекшілер Мектеп парламенті	Мамыр 4-апта
МАУСЫМ – ШЫҒАРЫШТЫҚ ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ				
1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні 4 маусым – Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері күні Маусымның үшінші жексенбісі – Әкелер күні				
1	Халықаралық балаларды қорғау күні аясында «Қазақстан балалары» онкүндігі	Бөлек жоспар бойынша	ТІЖО Оразақова Ш.А. Сынып жетекшілер Пән мұғалімдері	Мамыр Маусым
2	Ел рәміздері – елдігімнің реңі, теңдігімнің тірегі	Іс-шара	ТІЖО Оразақова Ш.А. Сынып жетекшілер Пән мұғалімдері	Маусым
3	Сынып сағаты: «Жазғы демалыстағы қауіпсіздік»	Сынып сағаты	ТІЖО Оразақова Ш.А. Сынып жетекшілер Пән мұғалімдері	Маусым
4	«Әке жүрегі – мейірім мен жауапкершілік мекені»	Онкүндік	ТІЖО Оразақова Ш.А. Сынып жетекшілер Пән мұғалімдері	Маусым
6	«Аттестат қолымызда — жаңа өмір басталады» 9 және 11 сынып оқушыларына аттестат тапсыруға арналған салтанатты іс-шара	Мерекелік іс-шара Әлеуметтік желіге жариялау	ТІЖО Оразақова Ш.А. Сынып жетекшілер	Маусым
7	«Күнге және армандарға қарай» Мектеп базасында жазғы мектеп лагерін ашу және жұмысын ұйымдастыру	Жазғы лагерь жұмысы Әлеуметтік желіге жариялау	ТІЖО Оразақова Ш.А. мұғалімдер	Маусым